ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СОРБОННА-ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАР КАФЕДРАСЫ

«Бекітемін»
Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми Кеңесінің отырысы
Ғылыми Кеңес төрағасы/
Ректор ______ С.Ж. ПІРӘЛИЕВ
Хаттама № 3 «11» 07 2016 ж

5В05

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

**5В051100-Маркетинг мамандығы**

**2016/2017 оқу жылы**

Авторлар: Курмантаева А.Ж. - аға оқытушы

Алматы, 2016

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ
## СОРБОННА ҚАЗАҚСТАН ИНСТИТУТЫ

**Мамандық 5В051100 – Маркетинг**
**Академиялық дәрежесі – 5В051100 Маркетинг мамандығы бойынша Экономика және бизнес бакалавры**

| № п/п | Пәннің атауы | Пәннің қысқаша мазмұны | Негізгі бөлімдер | Кр. саны | Сем. | Пререквизиттері | Постреквизиттері | Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелері (білім алушылардың білімі, біліктілігі, дағдысы және құзыреттіліктері) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **Эконометрика** | **Мақсаты:** "Эконометрика" курсының мақсаты студенттердің теориялық білімі негізінде эконометрикалық модельдерді экономикалық құбылыстар және процестерді регрессиялық моделдеудің әдістерін меңгеріп, есептеу техникасын пайдалану, алған білімдерін тәжірибеде қолдауды жетік білу. **Мазмұны:** "Эконометрика" курсы эконометрикалық модельдеуді экономикалық сараптау тәжірибесінде және еліміздің экономикасындағы макро және микроэкономикалық процестерді болжауда қолдану мен оларды іске асыру сұрақтарын қарастырады. | Сызықтық регрессия Регрессиялық талдаудың нақтылығын бағалау Сенімді интервалдар | 3 | 3 | Информатика, Экономистерге арналған математика | Менеджмент, Қаржылық менеджмент | **Білу керек:** Курстың негізгі түсініктерін, модель түрлерін, олардың қасиеттерін, нарықтық көрсеткіштердің, жиынтық регрессияның әртүрлі аспектілерін: мультиколениарлық мәселесін, модель спецификасын. **Меңгеру керек:** жалған айнымалыны қолдану, дербес корреляция, гетероскеданттылық, автокорреляция және регрессиялық модельдеудегі болжамде есептеу **Игеру керек:** стратегиялық бағдарламаларды талдауды, бағдарламаларды өзара және дамыған елдердің жоспарларымен салыстыру. |
| 2 | **Лизинг негіздері** | «Лизинг негіздері» курсы арнайы экономикалық пән болып табылады. Қазіргі нарықтық жағдайға сай, экономиканың кез-келген саласы үшін мамандар дайындау үшін қажет, | Лизингтік операциялар. Лизингтік қызметтер нарығын ұйымдастыру | 4 | 3 | Кәсіпорын экономикасы, Макроэкономика | Өнеркәсіптік маркетинг, Логистика | **Білу** – Лизингтік қызмет көрсету нарығының функциясы мен ұйымдастырудың мәнін, оны мемлекеттік реттеу формалары, қазіргі заңдылықтарын, әдістемелік нормативтік құжаттарын, Қазақстандағы және басқа елдердегі лизингтік қатынастарды. **Игеру** – Әр-түрлі лизингтік келісім шарттарды, |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | әсіресе материалдық өндіріс сферасы мен қызмет көрсетуде, сонымен қатар сыртқы экономикалық іс-әрекетте. Пәннің мақсаты – лизингтік келісім шарттарды жетілдірудің теориясы мен тәжірибесін әр түрлі сферада экономикалық байланыстардың негізгі формасы ретінде қарастыруды оқыту. Сонымен қатар ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін толық қолдануды және экономиканың барлық саласы мен сферасындағы негізгі капиталды жаңарту; кәсіпкелік іс-әрекет сферасында қалаған коммерциялық қорытынды алу. | | | | | | лизинг объетісін қабылдау мен беру актысын және басқа да құжаттарды дұрыс құрастыру және толтыру.<br>**Меңгеру**- студенттер лизингтік қызмет нарығы сегментінде кәсіби жұмыс істеудің әдістерін меңгеруі керек.<br>**Құзіреттері :**<br>Тыңдаушыларға өндірістік сферадағы лизингтік іс-әрекетті басқару мен ұйымдастыру туралы білім беру. |
| 3 | **Қазақ елі** | **«Қазақ елі» пәнінің мақсаты:** ұлттық сана-сезімі, патриоттық рухы мен кәсіби біліктілігі жоғар, бәсекеге қабілетті, ұлттың рухани құндылықтарының дамуы үшін жауапкершілік сезімге ие, өзге мәдениет өкілдерімен сұхбат құра алатын мамандардың жаңа буынын тәрбиелеу. | 1.Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, қазақ халқының ұлттық мүддесі мен құндылықтар бағдарын саналы түрде қабылдауына жол ашу.<br>2.Мемлекет құрушы ұлт студенттерінің (олардың ұлтына қарамастан) ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі ретінде қазақ тілін үйренуге даярлығын қалыптастыру.<br>3.Этникааралық, конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбат | 2 | 3 | Экономическая теория | Макроэкономика | Пәнді оқу нәтижесінде студент **білуі** тиіс: Мемлекет құраушы ұлт өкілдері үшін этникалық сәйкестік деңгейінде «МЕН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨКІЛІМІН» бейнесі қалыптасуы тиіс. Төмендегі сипаттары болуы қажет:<br>- өз ұлттық түп негіздерін ұғыну, тарихи сана мен әлеуметтік жады дамуының негіздері ретінде өз халқының қалыптасып даму тарихын білу;<br>- туған қазақ тілін білу;<br>- өз халқының салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін біліп, оған іс жүзінде мән беру;<br>- қазақ халқының озық дәстүрлеріне (қонақжайлылық, барлық адамдарға қамқорлық, төзімділік) негізделген, бірге өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың тіліне, салт- |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | құруға толық әзірліктегі жан-жақты әрі зияткерлік тұрғыда дамыған, перманентті түрде кемелденетін тұлғаны қалыптастыру.<br>4.Болашақ мұғалімді алдағы кәсіптік қызметте ұдайы өзін-өзі тәрбиелеуге, өз білімін толықтыруға дайындау. | | | | | дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына құрметпен қарау;<br>- үнемі өзін өзі жетілдіруге, өзін өзі дамытуға, өзін танытуға ұмтылу;<br>- өз халқының этномәдени мұрасын игеріп қана қоймай дамыту қабілеті;<br>- қазақ халқының ұлттық құндылықтар жүйесі ретіндегі тілін, тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін ұғыну;<br>- бейбітшілік пен тыныштықты сақтау, өз халқының әл-ауқатын, тұтастай алғанда Қазақ мемлекетінің дамуы үшін әлеуметтік жауапкершілікті жете түсіну;<br>- біріктіруші және нығайтушы бастау ретіндегі ұлт рухын нығайтып дамыту халық тарихы мен тағдырының басты қозғаушы күші болатындығын біліп ұғыну; халық рухы күшті болған сайын оның мемлекеттілігінің болашағы биік; ұлт рухы кез келген ел келбетінің қайталанбастығын айқындайды, дамуға бағыт беріп, дамуға ықпал етеді;<br>біріктіруші және бекітуші негіз ретінде ұлттық рухты дамыту дәстүрлер мен патриотизм рухы, жаңару рухы, жарысушылық пен жеңіс; қоғамның рухани негізі ретіндедәстүрлі құндылықтарға (тіл мен мәдениетке құрмет, адамгершілік, отбасы, ұрпақтар байланысы, патриотизм мен төзімділік) сүйену негізгі басымдылықтар болуы тиіс екендігін біліп жете ұғыну. |
| 4 | **Бухгалтерлік есеп және аудит** | **Мақсаты:** Студенттерде мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптары бойынша және де біліктілік мінездемесі талап ететіндей, кәсіби қызметке қажетті бухгалтерлік есеп бойынша білім қалыптастыру. | Бухгалтерлік есептің мәні мен мазмұны. Бухгалтерлік есептің пәні мен әдістері. Негізгі құралдар мен материалды емес активтердің есебі. | 3 | 4 | Экономикалық теория | Макроэкономика | **Білу:**<br>Студент ұйымның мүлкі мен міндеттемелерін құрамы мен орналасуы бойынша және қалыптасу көзі топтастыра білуі қажет;<br>**Меңгеру:**<br>операцияларды активті және пассивті шоттарда көрсете білуі қажет, есепті жылдың соңына айналымдар мен қалдықтарды есептеу қажет; синтетикалық есеп шоттары бойынша айналым ведомосын жасау қажет; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | **Игеру:**<br>айналым ведомосы негізінде кәсіпорын балансын жасау қажет; қаржылық есептілікті жасау қажет; көрсетілетін кез келген қызмет түрі бойынша шығындар калькуляциясын жасау қажет; шаруашылық қызметтің бюджетін жасау және жедел жоспарлау жасау қажет. |
| 5 | **Экономикаға мемлекеттік реттеу** | «Экономиканы мемлекттік реттеу» пәнін оқытудың мақсаты студенттерді экономиканы реттеудің мемлекеттік әдістерінің теориялық негіздерін, методологиясы мен ұйымдасырылуын игеруге, оның механизмдерін нақты табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қолданудың мәні мен әдістерін тереңірек білуге үйрету. Пәнінің негізгі міндетері: студенттерді экономика мен әлеуметтік ортада болып жатқан заңдылықтарға жылдам әсер ете білу, сонымен қатар ел үшін объективті, маңызды шешімдерді қабылдай алу дағдыларына үйрету, сонымен қатар оларды аймақтардың кешенді даму мәселелерін анықтауға, инвестициялық ресурстарды тиімді пайдалану, ұлттық экономика салаларының қызметінің тиімділігін арттыру жолдарын іздестіруге баулу. «Экономиканы мемлекеттік | Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық негіздері.<br>ҚР әлеуметтік саясатының ерекшеліктері | 3 | 4 | Экономика предприятия, Макроэкономика | Логистика | **Білу:**<br>- экономикалық үрдістердегі мемлекеттің рөлі мен орны;<br>- экономикалық үрдістерге және құбылыстарға әсер ететін мемлекеттің әдістері мен құралдарын;<br>- мелекеттік саясаттың негізгі ережелері және ұлттық экономиканың барлық салалары мен аяларында оның жүзеге асырылуын;<br>- ҚР экономикалық субъектілердің іскерлігі және экономикалық үрдістерді реттейтін нормативтік актілер мен негізгі заңдылықтарды;<br>- ұлттық экономика қызметінің жалпы және бөлек салалары мен аялары шегіндегі негізгі экономикалық көрсеткіштерін;<br>**Үйрену:**<br>- елдегі пайда болған экономикалық жағдайларды кәсіби түсіндіру;<br>- қалыптасқан экономикалық жағдайларда қабылданатын мемлекеттік шаралардың баламалылығын бағалау;<br>- едің экономикалық саясатының мәнін түсіндіру.<br>**Игеру** – нарықтық экономикада шаруашылық субъектісі ретінде ел қызметінің теориялық және әдістемелік негіздерін түсіну.<br>**Құзыреттер (компетенциялары):**<br>- негізгі экономикалық мәселелерді шешуге мемлекеттік тәсілдерді қолдану;<br>- мемлекеттік шараларды қабылдауда сандық бағалау кезіндегі статистикалық мәліметтерді кәсіби пайдалану. |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | реттеу» пәнін оқытудың нәтижесінде студенттерді экономиканы реттеудің мемелекеттік әдістерінің теориялық негіздерін, методологиясы мен ұйымдастырылуын игеруге, оның механизмдерін нақты табиғи-тарихи және әлеуметтік-экономикалық жағдайларда қолданудың мәні мен әдістерін тереңірек білуі керек. Ойлаудың кең ауқымдылығы; экономика мен әлеуметтік ортада болып жатқан заңдылықтарға жылдам әсер ете білу, сонымен қатар ел үшін объективті, маңызды шешімдерді қабылдау үшін жеткілікті деңгейде негізгі білімінің болуын меңгеру керек. | | | | | | |
| 6 | **Стратегиялық маркетинг** | Пәнді оқыту мақсаты – талдау және маркетингтік стратегияны өндеу әдістемесін. Пайдалану бойынша студентерге теориялық білімдер мен практикалық дағдырларды игеру болып табылады. Пәнді оқытудың мақсаты-талдау және маркетингтік стратегияны өндеу әдістемесін пайдалану бойынша студенттерге теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды игеру болып табылады. «Стратегиялық маркетинг» | Салалық ортаны талдау. Қажеттіліктерді талдау және сатып-алушылық мінез-құлық | **3** | **4** | Экономикалық теория, Маркетинг | Маркетингпен басқару | **Білу-** кәсіпорынның шаруашылық және нарықтық іс-әрекетіндегі стратегиялық маркетингтің мәнін білуі керек;<br>**Игеру -** талдау және маркетингтік стратегияны өндеу әдістемесін пайдалану бойынша студенттерге теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды игеру болып табылады;<br>**Меңгеру** – Студент ресурстарды бөлуді талдауды және жоспарлық үлгіні қолдануды, сонымен қатар маркетингтің тиімді стратегиялық бағдарламасын өндеу жолымен, нарықтағы фирма жағдайын қалыптастыру, қолдау және қорғау қабілеттілігін меңгеру қажет.<br>**Құзіреттер :**<br>стратегиялық сегменттеумен танысу; |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | пәнінің негізгі міндеттері:<br>- стратегиялық сегменттеумен танысу;<br>- нарықтағы сұранысты болжау, стратегиялық сегменттеу,бәсекелестік артықшылықты басқару әдісін және маркетинг стратегиясын өңдеу әдісін білу. | | | | | | - нарықтағы сұранысты болжау,<br>-стратегиялық сегменттеу,<br>-бәсекелестік артықшылықты басқару әдісін және маркетинг стратегиясын өңдеу әдісін білу |
| 7 | **Қаржы нарығы және делдалдар** | Пәннің қысқаша мазмұны «Қаржылық нарықтар мен делдалдар» курсының пәні қазіргі қаржы нарықтарының функциялануы мен әртүрлі делделдардың қызмет етуі болып табылады.<br>«Қаржы нарықтары мен делдалдар» пәні – қазіргі нарық қаржы нарықтарындағы әртүрлі қаржы институттарының қызмет етіумен ерекшеленді. Қазіргі кезенде Қазақстан экономикасының дамуында қаржы институттар маңызды орын алады. Олар экономиканың тиімді салдарына инвесторлардың қаражатын тартуында, инвестициялық процеске қызмет ету және өндірістік сфераға қаржы активтерін тартуына жәрдемдесетін альтернативті тәсілі болып табылады.<br>Бұл пәннің мақсаты негізгі қаржы нарығы мен оның | Қаржы нарығының инфрақұрылмы мен құрамдас элементтері. Ақша нарығы және оның қаржы құралдары. Депозит нарығы және оның қаржылық құралдары. Несие нарығының мәні және оның маңызы. Валюта нарығы және валюталық операциялар. Бағалы қағаздар нарығы, оның қызметі және құрылымы. Сақтандыру нарығы және оның Қазақстан Республикасында дамуы. Зейнетақы нарығының мәні мен маңыздылығы. Зейнетақы қорларындағы қаржы институттары. Инвестициялық компаниялар мен қорлары. Сақтандыру ұйымдары мен қорлары. Қор биржасы, қызметі және құрамы. Қазақстандағы қаржы нарығының құқықтық реттеу негіздері. | 3 | 4 | Экономикалық теория, Микроэкономика, Қаржы. | Құнды қағаздар нарығы. Ақша, несие, банктер. | Пәнді оқыту нәтижесінде студент:<br>**Білу керек:**<br>Қаржы нарығының мәнін, қаржы нарығының құрылымын, қатысушыларын, делдарын жетік **білуі керек.**<br>**Меңгеру керек:**<br>Курстың аяқталуына дейін студенттер қаржы нарығының барлық сегменттерінің негіздерімен таныс болуы керек, қаржы нарықтарының функциялау механизмін түсіну және қаржы нарығының әр сегменттерінің функциялау ерекшеліктерін түсіне білу.<br>**Игеру керек:** қаржы нарығын реттеудің нормативті-құқықтық базасында бейімделу керек және қаржы нарығының әр сегментінің қызметін, ақпаратты талдау дағдыларын меңгеру, қаржылық шешімдерді қабылдай білу керек.<br>**Құзыреттері:**<br>әртүрлі қаржы институттарын, олармен көрсетілетін қызметтерін, ішкі және халықаралық қаржы нарықтарында тиімді қызмет етудің стратегиясын оқып білу болып табылады. |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | инфрақұрылымдарын Қазақстан республикасының даму ерекшеліктерімен есепке ала отырып, қаржы делдалдарының қызметімен, сонымен қатар, қаржы нарығын жетілдіру қызметтерімен толық оқыту. Курстың мақсаттына негізделе отырып, келесідей міндеттері анықталады:<br>- қаржы нарығы мен делдалдар курсын функционалдщы тұрғыдан теориялық аспектілерін оқыту;<br>- Қазақстан Республикасының территориясында қаржы делдалдарының қызметтерін талдаудан өткізу;<br>- Қазақстан қаржы нарығының дамуында негізгі мәселелерді анықтау;<br>- әртүрлі қаржы институттарын және олардың ұсынатын қызметтерін баға белгілеу әдістерін, оларды басқару стильдерін, ішкі және халықаралық қаржы нарығындағы қызмет ету стратегияларын оқу. | | | | | |

**Кафедрасының меңгерушісі/ Зав.кафедрой э.ғ.д. Иманбердиев Б.Д.** ____________